

6. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), тәрбиеленушілердің сабак режимі)

21. Білім беру процесінің қатысушылары тәрбиеленушілер, тәрбиеленушілердің заңды өкілдері, педагогтар болып табылады.

22. Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру үдерісі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бұдан әрі – МЖМБС) негізінде әзірленген үлгілік жоспарларға және үлгілік бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның жарғысында айқындалады.

23. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері кәсіптік қызметті жүзеге асыру кезінде МЖМБС талаптарын сақтаған жағдайда тәрбие-білім беру пудерін ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын дербес таңдайды.

24. Кәсіпорын білім беру үдерісін мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт негізінде мемлекеттік, орыс тілдерінде жүзеге асырады.

25. Тәрбиеленушілердің сабак режимі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормаларға, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдарына сәйкес белгіленеді.

26. Балалардың дамуын бағалау жүйесі білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері жыл сайын медициналық тексеруден өтеді.

7. Ақылы қызметті көрсету тәртібі

28. Кәсіпорын осы кәсіпорынмен қамтылмаған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін жұмыс күндері және демалыс күндері білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді.

29. Ақылы қызметтерден түскен қаражат мамандарға жалақы есептеуге, құралдар сатып алуға, тиісті даму ортасын құруға жұмсалады.

8. Білім беру ұйымының тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі.

30. Кәсіпорын мен заңды өкілдер арасындағы қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау кезінде жасалатын шартпен реттеледі.

31. Тәрбиеленушінің, ата-ананың және кәсіпорын қызметкерлерінің қарым-қатынасы ынтымақтастық, білім беру үдерісіне қатысушылардың

өзара сыйластығы негізінде және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін беруді ескере отырып құрылады.

32. Мектепке дейінгі үйымдардың тәрбиеленушілері тәрбиеленушілердің жасына, психофизиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтарына және қажеттіліктеріне сәйкес мектепке дейінгі тәrbие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты шеңберінде сапалы білім алуға, дамудың бұзылуын түзетуге және әлеуметтік бейімделуге, медициналық бақылауға, сондай-ақ қарастыруға, күтіп-бағуға және сауықтыруға, оның ішінде бір жастан 1-сыныпқа қабылданғанға дейін инклюзивті білім алуға құқылы.

33. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің құқығы:

- 1) ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесі арқылы кәсіпорынды басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 2) кәсіпорыннан балаларды тәрбиелеу және оқыту, ұсташа жағдайлары туралы ақпарат алуға;
- 3) балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес алуға;
- 4) олардың балаларының шарт негізде қосымша ақылы білім қызметін алуға;
- 5) шартты біржақты тәртіппен бұзуға.

34. Ата-аналар мен заңды өкілдер міндетті:

- 1) өз баласының денсаулығына қамқорлық жасауға;
- 2) өз баласын тәрбиелеуге;
- 3) оның дене бітімін, психикалық, адамгершілік және рухани дамуы үшін қажетті өмір сұру жағдайларын қамтамасыз етуге;
- 4) баланың міндетті мектепалды даярлық алуын қамтамасыз етуге;
- 5) шарттың талаптарын сақтауға.

9. Кәсіпорынды басқару

35. Жергілікті атқарушы орган:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта үйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;
- 2) Кәсіпорын Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізеді немесе осыған облыстық коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органды уәкілетті етеді;
- 3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;
- 4) Кәсіпорынға филиалдар мен өкілдіктер құруға келісімін береді;
- 5) Кәсіпорын мүлкін пайдалану туралы шешім қабылдайды, оның ішінде, оны кепілдікке, жалға беруге, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға тапсыру туралы шешім қабылдайды;
- 6) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

36. Басқару органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte келесі қызметтерді жүзеге асырады:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныстарды енгізеді;
- 2) Кәсіпорын Жарғысын бекітуге тапсырады, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашы болады;
- 3) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басымды бағыттарын және міндettі жұмыстар (қызметтер) көлемін анықтайды;
- 4) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерді қарастырады, келіседі және бекітеді;
- 5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылайды және талдау жасайды;
- 6) кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;
- 7) кәсіпорын мүлкін есепке алушы ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
- 8) кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын белгілейді;
- 9) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттерді жүзеге асырады.

37. Кәсіпорынның органды оның басшысы болып табылады.

38. органы
Басқару

кәсіпорын басшысы мен еңбекқатына настарын Қазақстан Республикасының Еңбек шарттын жасасуарқылы ресімдейді.

39. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу қолданыстағы заңнамада айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

40. Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс - әрекеттердің ұйымдастырылуына кәсіпорын басшысы дербес жауапкершілікте болады.

41. Егер осы Заңда және кәсіпорын Жарғысında басқаша қарастырылмаса, кәсіпорын басшысы жеке-дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңда және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

42. Мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі мен тиімділігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік кәсіпорынның басшысы жауапты болады.

43. Басшы:

- 1) Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне иелік етеді;
- 3) келісім шарт және өзге мәмілелер жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) банк есеп-шоттарын ашады;
- 6) бүйрықтар шығарады және Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндettі нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және еңбек шартын бұздады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен басқасы көзделмесе, оларға көтермелеу шараларын қабылдайды және жаза қолданады.

Басшының ұсынысы бойынша тиісті саланың уәкілетті органымен лауазымдық қызметке тағайындалатын немесе босатылатын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы осы Жарғыда бекітіледі;

8) өз орынбасарларын қызметке тағайындау немесе босату үшін кандидатураларды Басқару органына ұсынады;

9) өз орынбасарларының және Кәсіпорынның өзге де басшы қызметкерлерінің құзырын белгілейді;

10) дербес жауап береді:

кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуына; таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аударылмауына.

11) кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің басшысын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға;

12) кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітуге;

13) басқару органының келісімі бойынша бас бухгалтерді қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

44. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілдіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

45. Кәсіпорын мен жергілікті атқарушы орган арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

46. Кәсіпорын мен басқару органы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

47. Кәсіпорынды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаттарында құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер болып табылады.

10. Кәсіпорын мұлкі

48. Кәсіпорын мұлкі құны оның балансында көрсетілген Кәсіпорынның активтерінен құрылады.

49. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және салымдар (ұлестер, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорынның қызметкерлері арасында ұлестірілмейді.

50. Кәсіпорынның мүлкі:

- 1) өзіне меншік иесі тапсырған мүліктерден;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүліктер (ақшалай кірісті қосқанда);
- 3) заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен қалыптасады.

51. Кәсіпорынның басшылығында оның жарғылық мақсатымен қарастырылған, өз қызметін қамтамасыз етуге қажет немесе қызметінің өнімі болып табылатын мүліктер болады.

52. Меншік құқығы мен өзге де затты құқығын алу және тоқтату жөнінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен қарастырылған тәртіп пен шарттар бойынша, егер өзге жағдайлар осы Жарғымен қарастырылмаса, немесе аталған нәрсе құқығының сипатына қарама – қайшы болмаса, жедел басқару құқығын алу және тоқтату іске асырылады.

53. Шаруашылық басқарудағы мүлікті пайдаланудан алған өнімдер, жемістер мен кірістер, сонымен қатар келісімдер мен өзге негіздер бойынша Кәсіпорынмен алған мүліктер меншік құқығын иеленуі үшін Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіpte Кәсіпорынның жедел басқаруына келіп түседі.

54. Меншік иесі мүлікті Кәсіпорынға бекітуге шешім қабылдан, мүлік балансқа бекітілген мезетте, егер өзге жағдайлар Қазақстан Республикасы заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен бекітілмесе, Кәсіпорын мүлікті жедел басқару құқығына ие болады.

55. Кәсіпорын өзінің негізгі қаражатына жатқызылған мүліктерді сату, сатып алу, ауыстыру, сыйлау келісім шарттары негізінде оқшаулауга құқығы жоқ.

56. Меншік құқығын тоқтату үшін, сондай-ақ осы Жарғының 36-тармағында көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген негізде және тәртіpte Кәсіпорынның мүлікті жедел басқару құқығы тоқтатылады.

57. Қазақстан Республикасы заңнамасымен өзге жағдайлар бекітілмесе жергілікті атқарушы орган қазыналық Кәсіпорынға бекітілген мүлікті алып қою немесе басқадай өзі құрған заңды тұлғалар арасында бөлуге құқығы бар.

58. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде жергілікті атқарушы орган қазыналық кәсіпорынға алыш қойылған мүлікті өзге тұлғаға бергенге дейін оны ұстау мерзімдерін бекітуге және сақталуын қамтамасыз етуге құқығы бар.

59. Кәсіпорын басқару органдың ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органдың жазбаша келісімімен:

- 1) филиалдарды, өкілдіктерді құруға;

2) акционерлік қоғамдардың өзіне тиесілі акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

4) қарыздар беруге құқылы.

60. Осы Жарғының 56-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жедел басқару құқығындағы кәсіпорын өзіне бекітілген, негізгі құралдарға жататын мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органның жазбаша келісіміменғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

61. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығымен бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

11. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

62. Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз кірісі есебінен және Қазақстан Республикасы бюджеттік заңнамасымен айқындалған тәртіп бойынша алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

63. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

64. Кәсіпорын өндірген өнімін өз бетінше өткізеді.

65. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын жергілікті атқарушы орган белгілейді.

66. Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілмеген, Жарғымен қарастырылмаған қызмет жасау арқылы алынған табыстар, сондай – ақ жергілікті бюджет қаражаты есебінен өткізілетін тауарлар үшін (жұмыстар, қызметтер) құрылған және бекітілген бағаларды көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасы заңнамасымен айқындалған түрде бюджетке алынуға тиісті болады.

Бухгалтерлік есепті қағидалары бойынша дұрыс тиісті түрде көрсетілмеген мүлікті пайдалану фактілері анықталған жағдайда да алынуға тиісті болады.

12.Кәсіпорынның Жарғылық капиталы

67. Кәсіпорынның Жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметін іске асыру үшін басқаруға алынған мүліктен құралады.

13. Кәсіпорынның есебі мен есеп беруі

68. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және

қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес басқару органымен келісім бойынша кәсіпорын бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

69. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі мыналарды қамтиды: бухгалтерлік балансы, кірістер мен шығындар туралы есептер, ақшалай қаражаттар қозғалысы туралы есептер, капиталдағы өзгерістер туралы есептер, түсіндірме жазбахат.

14. Кәсіпорынның жауапкершілігі

70. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшага жауап береді. Осы заңды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

71. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

15. Кәсіпорын қызметкерлеріне енбекақы төлеу

72. Кәсіпорынның енбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын басқару органы белгілейді.

73. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорынның қызметкерлеріне енбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне енбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысымен белгіленеді.

16. Енбек ұжымымен қарым – қатынастар

17. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

76. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен көзделген басқа негіздемелер бойынша таратылуы мүмкін.

77. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды басқару органымен жүзеге асырылады.

78. Кәсіпорынды тараткан кезде борышкерлердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлікті жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

79. Таратылған кәсіпорынның ақшасы мен Кәсіпорынның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражаттар борышкерлердің талаптарын қанағаттандырған соң тиісті бюджет кірісіне енгізіледі.

18. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

80. Кәсіпорынның Жарғысына толықтырулар мен өзгерістерді жергілікті атқарушы органдар енгізеді немесе облыстық коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органды осыған уәкілетті етеді.

Басшы

Г.С.Лебедева

Г.С. Лебедева

«Азаматтарға арналған үймет» мемлекеттік корпорациясы	
коммерциялық әмес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының Павлодар қалалық тіркеу және жер кадастры белгі	
ЗАНДЫ ТҮЛГАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТИРКЕУ 2011 ж. « <u>01</u> 01 2011 ж.	
БСН <u>071240002404</u> № <u>0108</u> бүйрек	
Бастапқы тіркелген күні 2003 ж. «03» 12	

Павлодар облысы қаржы
басқармасының

2021 жылғы «05» 01
№ бүйрек 01
бекітілді



Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 3 сәбилер бақшасы – Мектепке дейінгі экоцентр орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар облысының білім беру басқармасы, білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 3 сәбилер бақшасы – Мектепке дейінгі экоцентр орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) ұйымдық-құқықтық нысанындағы мемлекеттік кәсіпорынның жедел басқару құқығында занды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Павлодар қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 16 қарашадағы «Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 3 сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық көріспорны туралы» № 1459/24 қаулысына сәйкес кәсіпорын құрылды, Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы «Коммуналдық меншіктің кейбір мәселелері туралы» № 276/5 қаулысына сәйкес атауы өзгертілді.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган - Павлодар облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жергілікті атқарушы орган – Павлодар облысының әкімдігі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Павлодар қаласы білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - басқару органды) болып табылады.

6. Кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, білім беру болімінің «Павлодар қаласының № 3 сәбилер бақшасы – Мектепке дейінгі экоцентр орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Кәсіпорынның орыс тіліндегі атауы: Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли-сад № 3 города Павлодар-Дошкольный

экоцентр» отдела образования города Павлодара, управления образования Павлодарской области.

7. Кәсіпорының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Қамзин көшесі, 9.

2. Кәсіпорының заңды мәртебесі

8. Кәсіпорының дербес балансы, заңнамаға сәйкес банктерде шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорының атауы бар мөрі болады.

9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды басқа, заңды тұлғаларды құра алмайды, соңдай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құруына болады.

11. Кәсіпорын жасасқан және міндettі мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделмесе, тіркелгеннен сәттен бастап жасалған болып саналады.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту саласында мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

14. Кәсіпорын алға қойған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) инновациялық режимде тәрбиеленушілердің физикалық, интеллектуалды және тұлғалық дамуын, бейнелеу қызметі объектілерін, режиссураны, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілерге бағытталған жұмыстың экологиялық бағытын жүзеге асыруға арналған оңтайлы жағдайлар жасау;

3) балаларды тәрбиелеудің, оқытудың, дамытудың және сауықтырудың бірлігі қағидатын ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабактастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету;

4) тәрбиеленушінің толықтай дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;

5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты қорғау мәселелері бойынша кеңес беру және әдістемелік көмек көрсету.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген қызметтің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметпен айналысуға, сондай – ақ келісімдер жасауға құқығы жоқ.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының зандарымен немесе құрылтайшы құжаттарымен шектелген қызметтің мақсатына қайшы немесе басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған келісім жергілікті атқарушы органның, басқару органының, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті атқарушы органның немесе прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

17. Кәсіпорын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асырады.

5. Білім беру үйымына қабылдау тәртібі, тәрбиеленушілерді балабақшадан шығару негіздері мен тәртібі

18. Кәсіпорынға тәрбиеленушілерді қабылдау Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

19. Тәрбиеленушінің мектепке дейінгі үйымдағы орны мынадай жағдайларда сақталады:

1) тәрбиеленуші денсаулық сақтау, білім беру үйымдарында және өзге де үйымдарда емделуі, сауықтырылуы, түзетілуі және оқалтылуы кезінде (көрсетілімі, анықтамасы бойыншақорытындыны ұсынған кезде);

2) тәрбиеленушінің бір ата-анасының немесе занды өкілінің жылына екі айға дейінгі мерзімге демалысқа немесе сауықтыруға жазбаша өтініші берілген кезде;

3) елді мекенде енгізілген төтенше жағдай кезеңінде (әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар).

20. Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі үйымнан шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) мектепке дейінгі үйым мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де занды өкілі арасындағы шарт талаптарын бұзу кезінде;

2) тәрбиеленушінің себептерсіз және әкімшілікті ескертпей бір айдан астам балабақшада болмаған кезінде;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның балабақшада болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы айғақтардың болуы кезінде.